

**Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Су ресурстары жөніндегі комитеттің орталық аппаратының құрылымы туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 9 қараша N 1243. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.12.19. N 1798 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Су ресурстары жөніндегі комитеттің орталық аппаратының Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген құрылымы осы аппарат қызметкерлерінің шегінде 67 адам болып қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Су ресурстары жөніндегі комитетке төрағаның бір орынбасарын, сондай-ақ 8 адамнан тұратын алқа ұстауына рұқсат етілсін. <\*>

Ескерту. 2-ші тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.

06.06. N 793 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Су ресурстары жөніндегі комитеттің орталық аппараты үшін 2 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 9 қарашадағы  
N 1243 қаулысына  
қосымша

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті

жанындағы Су ресурстар жөніндегі комитеттің  
орталық аппаратының  
ҚҰРЫЛЫМЫ

Су ресурстары басқармасы

Су шаруашылығы объектілері мен ғимараттары басқармасы

Арал, Каспий теңіздері мен көлдер проблемалары жөніндегі  
бөлім

Ғылыми-техникалық қамтамасыз ету және халықаралық ынтымақтастық  
бөлімі

Инвестициялық шаралар бөлімі

Экономика және бухгалтерлік есеп бөлімі

Кадр және құқықтық жұмыстар бөлімі

Жалпы бөлім